

Сабақтың тақырыбы: Табиғатты қорғау-қасиетті іс



Сабақтың мақсаты:

- **Білімділік:** табиғат тақырыптарына қатысты сөздерді қайталау, бекіту. Тіл дағдысын қалыптастыру.
- **Дамытушылық:** тілді үйрену белсенділігін арттыруға түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жағдай жасау, логикалық ойлау жүйесінің, есте сақтау қабілетінің дамуына күнделікті өмірде қажетіне байланысты қолдана білуге жол ашу.
- **Тәрбиелік:** Еліміздің тамаша табиғаттың сақтауға, қорғауға, аялауға тәрбиелеуде.

- **Сабақтың түрі:** Интеллектуалдық, білімді бекіту жүйелеу сабағы

- **Әдіс-тәсілдері:** аралас (аударма, натуралды) -коммуникативті, ойландыру, анализ, синтез, топтау, жарыс.
- **Сабақтың көрнекілігі:** Компьютер, кестелер, сызбалар, тест жинақтары.

Сабақтың барысы:

- **Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу**
- **Үй тапсырмасын тексеру:**
Тақпақты жатқа айту
- **Тіл дамыту:** *Еліміздің табиғаты қандай? Қазақстанның табиғаты туралы не білесіңдер? Біздің өңіріміздің табиғаты сендерге ұнай ма?*

Жаңа сабақ: Сабақтың жоспары:

- **Ой шақыру.**
- **Бейнефильм “ Қазақстанның табиғаты”**
- **Мәтінмен жұмыс.**
- **Өзіңді тексер.**
- **Ассоциация құру.**
- **Тілшімен сұхбат.**
- **Ойлан, тап. Сөзжұмбақ.**
- **Үйге тапсырма.**
- **Қорытынды.**

Ой шақыру.

- **Адамның дені сау болу үшін не керек?**
- **Бүгінде жер бетінде қандай мәселе өзекті мәселеге айналды?**
- **Дүниежүзілік проблема қандай?**
- **Біз қандай үлес қосуымыз керек?**

Таза болса табиғат, аман болар адамзат

**Ауа - өмірің,
су – қазынаң,
Жер- үйің, атамекенің.**

Табиғатты қорғау дегеніміз – адамның өзін-өзі қорғау



Енді, табиғат, экологиялық проблемалар жөнінде кім не айтқысы келеді?

Мәтінмен жұмыс: Табиғатты қорғандар!

Табиғат – халық қазынасы. Сондықтан біз оның байлығын пайдалана отырып, қорғай білуіміз қажет. Соған байланысты 1966 жылы біздің елімізде “Халықаралық табиғат қорғау қоғамы” құрылды. Оның басты мақсаты- саны сиреп, құрып бара жатқан аң, құстарды, өсімдіктерді қамқорлыққа алып, арнайы кітапқа тіркеу. Мұндай кітапты “ Қызыл кітап “ деп атайды.

Сөздікпен жұмыс:

- Табиғат- природа
- Байлық-богатство
- Қорғау-охранять (сохранять)
- Құрып бара жатыр -на грани исчезание
- Қызыл кітап- красная книга
- Қамқорлық-покровительство

Бейнефильм "Қазақстанның табиғаты"



Дәптермен жұмыс: Сөйлемдегі баяндауыштың орнын толықтырып, астын сыз.

Адам баласы табиғатты ▲ .

Біз бұлақтардың көзін ▲ .

Су мол болса, астық та ▲ .

Табиғаты сақталған халықтар ұзақ өмір ▲ .

Экология төмен аймақтарымыз көбейіп ▲ .

Керекті сөздер: сүреді, барады, қорғау тиіс, аштық, мол болады.

Өзіңді тексер

- **Бастауыш пен баяндауыш арасына сызықша қойыңыз.**



Табиғат пен адам біртұтас.

Су тіршілік көзі.

Табиғат тірі дүние.

Айлақтың аты Байқоңыр.

Жер біздің ортақ үйіміз.



Сөйлемнің дұрыс- бұрысын- анықта.

- 1. Табиғат пен адам – біртұтас.**
- 2. Бұлақтардың көзін ашу ешкімге керек емес.**
- 3. Су бар жерде – тіршілік жоқ.**
- 4. Орман – ауаны тазартпайды.**
- 5. Бізді қоршаған орта тап- таза.**

Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жазыңдар.

**Ту ...ан жер таби...аты – хал...
ымыздың ұлт..ық мақтанын...шы.
Сонд...қтан оны а...лап қор... ауға үлес
қ...су – бізд...ң азама...тық бор...шымыз.**


Ассоциация құру



Тілшімен сұхбат




Ойлан, тап.



Қорытынды

Табиғатты қорғау үшін бәріміз
Күресейік, бір-бір ағаш егейік.
Текке отырмай жасымыз бен кәріміз
Таза ауа үшін терімізді төгейік!



Үйге тапсырма:

Табиғат туралы эссе жазып келу.

Оқушыларды бағалау: тиісті бағасын қою